

**Б. А. АСЫЛБЕКОВ, Э. С. ХУСНУТДИНОВА, М. Т. БИТІЛЕУОВА, Г. Е. СҰЛТАНАЕВА, Л. К. НАЗАРОВА**  
*Жетісу аудандық мемлекеттік санитарлық – эпидемиологиялық қадағалау басқармасы*  
*С. Ж. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық Медицина Университеті*

### **АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ЖЕТІСУ АУДАНЫ БОЙЫНША ӨНДІРІСТІК МЕКЕМЕЛЕРІНДЕ ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН АДАМДАРДЫҢ АУРУШАҢДЫЛЫҒЫ**

*Аннотация – төменде берілген мақалада Алматы қаласының Жетісу ауданы бойынша өндірістік мекемелеріндегі жұмыс істейтін адамдардың денсаулығының көрсеткіштері туралы мәліметтер берілген. Мақаланың соңында берілген кестеде жыл бойына тіркелген аурушаңдылық саны мен ауырған күндер тізімі берілген.*

**Түйінді сөздер:** аурушаңдық, жұқпалы ауру, нозология.

Адам денсаулығы – оның биологиялық, физиологиялық, психикалық қызметінің, белсенді және максималды өмір ұзақтығы кезінде қалыпты жұмыс қабілетінің және элеуметтік белсенділігінің динамикалық жағдайы. Тұрғындардың аурушандығын зерттеу, негізінен медициналық көмек көрсетуге жүгіну мәліметтері бойынша, медициналық қарау мәліметтері бойынша жүргізіледі. Жалпы аурушаңдық келіп қаралу бойынша тіркеледі және жедел түрде (12 сағат ішінде) мемлекеттік санитарлық – эпидемиологиялық мекемелер мен органдарға хабарлама береді. Әрбір ауруға немесе ауруға күдік туған кезде «Жұқпалы ауруға, тағамнан, жедел кәсіптік уланудан және егуге басқаша реакция көрсеткен жағдайда» жедел хабарлама толтырылады. Санитарлық дәрігер тіркеу және есеп беру формаларын пайдалана отырып, мемлекеттік санитарлық – эпидемиологиялық қызметтің қарасты ауданындағы жұқпалы және жұқпалы емес аурулардың деңгейін есептеп шығарады. Біздің бұдан айтағымыз Алматы қаласы Жетісу ауданы бойынша мемлекеттік санитарлық – эпидемиологиялық қадағалау басқармасының МСЭҚБ өндірісті бақылау бөлімінің 2012 жылға жүргізген аурушандықты тіркеу және есеп беру жұмысы осыған дәлел.

2012 жыл бойы Жетісу ауданында мемлекеттік санитарлық эпидемиологиялық қадағалау басқармасының бақылауымен есепте өндірістік кәсіпорындардың 344 әр түрлі формасы тіркелді. Меншік есеппен түзетілген есептік кезең -301(2011ж - 363), жұмысшылар саны – 7414 (2011ж - 9315), оның ішінде әйелдер – 1130 (2011ж - 1510).

Жоспар бойынша кезеңдік медициналық тексеру - 4479 болды, ол 60,4% меншікті салмақты құрайды. Мемлекеттік емес сектордың 9 – медициналық орталығында кезеңді медициналық тексеру кезінде қамтылған саны – 4479 ( 2011ж - 5210), оның ішінде әйелдер – 895 (2011ж - 1510), қамтылғандар көрсеткіші - 100% (2011ж-100%) құрайды. Медициналық тексерудің қорытынды актісінің нәтижесі бойынша басқа жұмысқа ауыстырылғандар саны 2012ж - 55, ал 2011ж - 44. Соматикалық аурулардың төмендеуінде 2012ж - 214 жағдай белгіленді, ал 2011ж - 1137. Санаторлы-курортты емделуге- 80, оның ішінде әйелдерден- 35-і жіберілді.

Фельдшерлік пункты 3 кәсіпорынның 300 - ден аса жұмысшыларының жалпы аурушылдық сараптама көрсеткіші бойынша есептік кезеңі аурушылдық дәрежесінің төмендегенін және аурушылдықтың өсу жағдайын бір ғана нозологиямен көрсетті: - Бауыр ауруы ЖПВ, асқазан асты безімен 2012 жылы - 8 жағдай, ал 2011 жылы – 3 жағдай тіркелді. Бақылау объектісінің санитарлық-эпидемиологиялық жағдайын жақсарту мақсатында « Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі» кодексін бұзғанына орай мемлекеттік санитарлық – эпидемиологиялық қадағалау органы тарапынан – 15 айыппұл (2011ж - 10) салынды. Айыппұл көлемі – 367286тг (2011ж - 196560). 15 өндірістік кәсіпорында уақытында медициналық тексеруден өтпегені үшін 310 адам жұмыстан шығарылды.

1 кесте - 2012 жылға арналған Жетісу ауданының аурушандық көрсеткіштері

Аурудың аталуы	2011		2012	
	Жағдай	Күні	Жағдай	Күні
Тыныс алу жүйесінің туберкулезі	1	100	0	0
Психикалық бұзылыстар	1	29	1	51
Перифериялық жүйке жүйесінің аурулары	41	256	15	78
Көз және көз жатырларының аурулары	7	42	6	55
Құлақ және	4	37	4	26
Гипертония, гипертонияның салдарынан мидың әлсіреуі	48	421	32	237
ИБС және аурудың гипертониялық емес түрлері	14	223	13	215
Артерия, артериол және вена аурулары	7	39	4	19
Ангина және жедел фарингит	38	133	20	60
Жедел респираторлы инфекциялар	112	519	79	398
Жоғарғы тыныс жолдарының аурулары	44	212	17	75
Пневмония	5	72	2	17
Тұмау	13	74	8	44

Тыныс жолдарының созылмалы ауруларының асқынуы	41	271	30	217
Асқазан және он екі ішектің жарасы	6	91	8	67
Гастрит және дуоденит	20	142	17	121
Бауыр және ұйқы безінің аурулары	21	343	22	334
Бүйрек және зәр шығару жолдарының аурулары	27	216	15	186
Әйелдердің жыныс жолдарының қабынуы	4	66	5	90
Тері және тері асты клеткаларының инфекциялары	6	33	4	32
Тері және тері асты клеткаларының қабынуы(дерматит, экзема)	2	47	3	19
Сүйек-бұлшық ет жүйесінің және дәнекер тінінің аурулары	44	366	36	336
Басқа да аурулар	42	478	22	135
Жарақаттар, өнеркәсіпке байланысты ұланулар	1	16	1	8
Жұмысқа барып келу жолдарындағы жарақат	3	46	1	35
Тұрмыстағы ұланулар және жарақаттар	25	382	20	281
Барлық аурулар бойынша қорытынды	579	4670	385	3136

Осы жағдайларға байланысты көптеген медициналық – профилактикалық алдын-алу шаралары жүзеге асырылды, оның ішінде витаминдермен емдеу, санаторлы-курортты ем тағайындау, уақытша еңбек демалысы және т. б.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Кириллова В. Ф. Учебн. Пособие. - 2-е изд., перераб. и доп. – М.: Медицина, 2001. – 400 с.
- 2 Неменко Б. А. Коммунальдық гигиена бойынша практикалық сабаққа арналған басшылық. – Алматы: 2010. - 75 б.
- 3 ҚР «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі» туралы кодексі. – Алматы: ЮРИСТ, 2009. – 108 б.

**Б. А. АСЫЛБЕКОВ, Э. С. ХУСНУТДИНОВА, М. Т. БИТІЛЕУОВА, Г. Е. СҰЛТАНАЕВА, Л. К. НАЗАРОВА**  
**АНАЛИЗ ЗАБОЛЕВАЕМОСТИ РАБОТНИКОВ ПРОМЫШЛЕННЫХ ПРЕДПРИЯТИЙ**  
**ЖЕТЫСУЙСКОГО РАЙОНА ПО ГОРОДУ АЛМАТЫ**

**Резюме:** В данной статье предоставлен анализ заболеваемости ВУТ за 2012г. в сравнении с 2011 г. по Жетысуйскому району. Отчетный период показал, что уровень заболеваемости снизился, рост случаев заболеваний показал только одной нозологии – болезни печени.

**B.A.ASYLBEKOV,E.S.HUSNUTDINOVA, M. T. BITILEUOVA, G.E. SULTANAeva, L. K. NAZAROVA**  
**ANALYSIS OF THE INCIDENCE OF INDUSTRIAL WORKERS OF ZHETYSU**  
**DISTRICT OF ALMATY CITY**

**Resume:** In this article provided analysis of the incidence of HLA by 2012 year in comparison with 2011 year by Zhetysuiskiy district. Report period showed that the incidence of decreased, rise in disease showed only one nosology – liver disease.